

**«БD021300-Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Курмамбаева Жұлдыз Балтабековнаның
«Қазақ тіліндегі сан атауларының лингвомәдениеттанымдық негізі»
атты диссертациясына ресми рецензенттің**

ПІКІРІ

I. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми техникалық сұраныстарына) байланысы.

Лингвомәдениеттану – тіл, мәдениет, этнос арасындағы байланысты зерттейтін бірден-бір ғылым саласы. Бұл бағыт ХХІ ғасырдағы жаһандану кезеңінде жанданып, соңғы жылдары өзінің зерттеу аясын кеңейте түсті. Себебі, әлемде «тілдік ғаламдану» үдерісі жүріп жатқан тұста жасанды тілдердің күшеюі де белең алатыны рас. Кез келген халық өзге тілдің ықпалынан өз тілі мен мәдениетін сақтап қалуға тырысады. Әсіресе ғаламдану үрдісі тілден бұрын мәдениетке ықпалын көбірек тигізеді. Халықтардың ұлттық құндылықтарын жою арқылы, тілдік, ділдік санасын төмендетеді. Демек, лингвомәдениеттанымдық зерттеулерді қолға алудың, оның теориялық, практикалық тұрғыдан жүзеге асырылуының маңыздылығы ұлттың сақталуы мен өсуінің кепілі болмақ.

Осыған орай, ұсынылып отырған жұмыста халықтың мәдени құндылығын тіл арқылы танытуға негіз болатын басты факторлар қарастырылған. Оның ішінде, мәдениаралық байланыста ұлттық колоритімен ерекшеленетін сан атаулары лингвомәдени бірлік ретінде бірізге түсіріліп алғаш рет кешенді түрде зерттелген.

Белгілі бір этностың өзіндік дүниетанымынан, тұрмыс-салт ерекшеліктерінен туындайтын арнайы сөзқолданымдар сандар жүйесінде аса мол ұшырасады. Ал санның әмбебап ұғымы тілдік мәдениетте ортақ көрініс тапқанмен, мағыналық фонында, коннотациялық мәнінде өзгешеліктер болады. Сондықтан дүниенің ғаламдық бейнесін тануға мүмкіндік беретін сан атауларының бойында сақталған көне мәдени құндылықтар, наным-сенімдер, ырым-тыйымдар, символдық мағыналардың тілдегі паремиологиялық қор, заттық және рухани мәдени лексика, тілдік жүйеде сақталған концептуалдық аялық білім, лингвомәдени бірліктер тасасында жасырынған семалар арқылы айқындалатынын қарастырған жұмыстың өзектілігі зор деп есептейміз.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалары» бойынша басым бағытқа жататын «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (ХХІ ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» бөлімінің «Әлеуметтік және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері және пәнаралық зерттеулер» атты 5.1.1. тармағының мазмұнымен сәйкес келеді.

II. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже.

Материалдық және рухани мәдениет тілде көрініс табады. Жұмыста алғаш рет сан атаулары математикалық мағынасында емес, мәдени құндылық көзі ретінде зерделеніп, лингвомәдени бірлік (мифологем және реалийлер) ретінде қарастырылып, лингвомәдениеттанымдық талдау үлгілері түрінде (мысалы, *тоғыз жолдың торабы (лексикалық мағынасы - есептік мағына)*). Бір тоғызын беру (мәдени мағынасы - *киіт беру*) ұсынылады. Бұл нәтиженің шынайылық дәрежесін жоғары деп бағалаймыз.

Екінші ғылыми нәтиже.

Тілдік тұрғыдан алып қарағанда, сандар есептік қызмет атқарады, әрі сануға қажетті таңба болып табылады. Ал ұлттық, танымдық тұрғыдан келсек, сандар қандай да бір ұлттың танымы мен лингвомәдени сипатын көрсететін киелі сандар символына ұласады. Тілде қалыптасқан сан атауларының бойында сол ұлттың танымдық деңгейі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы мен кәсібі, болмысы мен ұлттық ерекшелігі тұнып тұрады. Сондықтан диссертанттың халықтық дәстүрде сандар белгілі бір ұғымды символдауда, белгілі бір ақиқат дүниені танытудың эталоны болуда, мәдени мағынасын білдіруде белсенді қолданылады деген тұжырымын шынайы деп есептейміз.

Үшінші, төртінші ғылыми нәтиже.

Кез келген мәдениеттің негізгі тұғыры тіл десек, сол тілдегі сөз-концептілердің мән-мазмұнын ашу бүгінде лингвомәдениеттану ғылымының да мәселесі болып отыр. Тіліміздегі сан компоненттері сандық, өлшемдік, мөлшерлік мәнін әлдеқашан жоғалтып, танымдық, ұлттық ерекшелікті айғақтау қызметіне көшкенде, қазақ халқының танымы мен түсінігі, ұлттық құндылығы сандардың бойынан табылып, концептілік дәрежеге жетеді.

Осыған орай, сан ұғымдарының концептілік және семантикалық құрылымын ашып қарастырған диссертанттың, сандардың архетиптік эзотерикалық мағыналары біртіндеп ұмытылып, әдет-ғұрыптар мен ырым-жоралғылар жүйесіне енеді де, этномифокұрылымдық қасиеттерге ие болады дейтін тұжырымының шынайылық дәрежесі де күмән туғызбайды.

Ізденушінің «Мәдени код – белгілі бір ұлттың мәдениетіндегі халықтың дүниетанымымен жеткен бірегей, ерекше құндылығын тануға негіз болатын мазмұнды ақпарат», -деуі де орынды (5б.). Сондықтан мәдени кодты айқындайтын тілдік бейненің негізгі қоры – паремиологиялардың астарында тасаланған сан атауларының мәдени кодын (*қырық – екі әлем (сәбидің ана құрсағындағы кезі мен жарық дүние келу уақыты)*); *қырық – екі дүниенің, фәни мен бақидың шегі, жанның тәннен толыққанды ажырауы (қырқын беру)*) ашуы да ізденіс нәтижесінің шынайылығын көрсетеді.

III. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесі қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңалық дәрежесі мынадай:

- Мағыналық астары көне салттар мен ескі наным-сенімдерге, ырым-рәсімдерге, жөн-жосық, заңнамалық көне дәстүрлерге, тұрмыстық мәдениеттің ертеден жалғасып келе жатқан элементтеріне қатысты ақпараттарды құрайтын қазақ тіліндегі сандар жүйесінің ұлттық мәдениетке сәйкес лингвомәдени мәнін – семантикалық, концептуалдық, этнолингвистикалық, психоллингвистикалық талдаулар арқылы ашқан **бірінші ғылыми нәтижесін – жаңа деп танымыз.**

- Қазақ мәдениетіндегі сан атаулары лексикалық бірліктер ғана емес, лингвомәдени бірліктер – реалий, мифологема ретінде де қызмет ете алатындығын, сандық бірліктерді, ондықтарды, жүздіктерді, мыңдықтарды қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде салыстыра, ұлттық мәдени ақпарат беруші дербес микроконцептілік құрылымдар ретінде (мысалы: *бір - жалғыздық, екі - жұп, қос, егіз; үш - әлемнің жаратылысы (Көк, жер, жерасты), әлемді жаратушы (от, ауа, су); төрт - әлем кеңістігінің төрт бұрышы; бес - уақытылы көрсеткіш, әсемдік, алты - алуантүрлілік, жеті - құдіретті күш, магия, сегіз - көптік, тоғыз - сый-сияпат, айып-жаза*) талдаған **екінші ғылыми нәтижесін де жаңа деп тануға болады.**

- **Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа.** Көркем және прецеденттік мәтіндердегі, фразеологизмдердегі, паремиологиялық жүйедегі сандық ұғымдардың символикалық, лингвоаксиологиялық тұрғыдан жасалған мәдени-семантикалық моделі арқылы сандар әлеміндегі халықтың танымымында қатталған мәдени код ашылған.

IV. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.

Зерттеу жұмысындағы теориялық және практикалық болжамдар мен тұжырымдар тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білудің ғылыми-теориялық негіздерін меңгертуді, тіл біліміндегі мәдени-танымдық бағыттарды әртүрлі қырынан ғылыми негіздеуді және адамның таным үдерісіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтуды көздейді.

Теориялық және тәжірибелік мәселелері нақты сабақтастықта жүйеленген зерттеудің нәтижелерін жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған «Лингвомәдениеттану негіздері», «Лингвокогнитология негіздері», «Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасы», «Мәдениеттану» пәндері бойынша өтетін арнаулы курстарда кеңінен пайдалануға болады.

V. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар саны мен көлемі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитетінің талаптарына сай келеді.

